

## Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданының кейбір елді мекендерін тарату туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 20 тамыздағы N 34-15 шешімі және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 313 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 24 тамызда N 3070 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Шыңғырлау аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі N 40 және Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 28-2 "Кейбір елді мекендерді тарату туралы" бірлескен қаулы және шешімі негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданының кейбір елді мекендері т а р а т ы л с ы н :

Ақбұлақ селолық округі бойынша Ағатан селосы;  
Қызылкөл селолық округі бойынша Үлгілі селосы;  
Лубен селолық округі бойынша Юбилейное селосы;  
Лубен селолық округі бойынша Отрадное селосы.

2. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*  
*Б. Ізмұхамбетов*

*Сессия төрағасы*  
*М. Джакибаев*  
*Облыстық мәслихат хатшысы*

*М. Құлшар*